

**Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау»**

1	<b>Көрсетілетін қызметті беруші</b>	Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы
2	<b>Көрсетілетін қызметті тұтынушылар</b>	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі
3	<b>Көрсетілетін қызметтің нысаны</b>	Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде
4	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну орны</b>	<p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі: Орал қаласы, К.Аманжолов көшесі</li> <li>2) «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Батыс Қазақстан облысы бойынша филиалы (бұдан әрі – ХҚО);</li> <li>3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы: <a href="http://www.e.gov.kz">www.e.gov.kz</a>, <a href="http://www.elicense.kz">www.elicense.kz</a> (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.</li> </ol>
5	<b>Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі</b>	<p>Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.</p> <p>ХҚО-да: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен сенбіні қоса алғанда жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p>
6	<b>Қажетті құжаттар</b>	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы «Бірегей және элиталық тұқым, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» стандарттын 9 тармағына сәйкес с құжаттарды ұсынады:

		<p>1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысаны;</p> <p>порталға:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;</p> <p>2) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2, 3, 4 және 5-қосымшаларға сәйкес мәліметтер нысаны.</p>
7	<b>Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі</b>	Тегін көрсетіледі
8	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі</b>	<p>1) Қағаз тасығышта немесе электрондық форматта (сканерленген өтініш) жолданған біржолғы өтініш бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесін алған сәтке дейін рұқсат етілетін күту уақыты өтінішті ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні.</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) минуттан аспайды.</p> <p>2) ХҚО-ға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.</p> <p>3) Жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p>
9	<b>Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі</b>	Аттестаттау туралы куәлік

10	<b>Нормативтік-құқықтық актілер</b>	2003 жылғы 8 ақпандағы «Тұқым шаруашылығы туралы» Қ Р Заңы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №4-2/416 «Тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Бірегей және элиталық тұқымдар, бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқым өндірушілерді, тұқым өткізушілерді аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.
11	<b>Қосымша ақпарат</b>	Интернет ресурстарда <a href="http://www.selhoz-bko.gov.kz">www._selhoz - bko.gov.kz</a> «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде телефон . (7112) -51-27-42,50-09-79

**Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі-басқарма) және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, (немесе) қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану бөлім басшысының немесе аудан (қала) әкімінің атына мына интернет ресурстарындағы [selhoz-bko.gov.kz](http://selhoz-bko.gov.kz) мекенжайы Орал қаласы, К. Аманжолова көшесі телефон (7112) 51-27-42, факс (7112) 50-09-79 жолданылады.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Шағымда:

жеке тұлға – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы;

заңды тұлға – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Шағымға қызметті алушы қол қояды.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінен кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады, бұл ақпарат көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, шағымды қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.